



MUNA EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 14 (477)

29/08/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

ЦИФРАНДЫРУ



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ембінде болды

23 тамыз күні Атырау облысына жұмыс сапары аясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесіне келді. Бұл Ембі үшін ерекше күн болды. Өйткені, осыдан 23 жыл бұрын Мемлекет басшысы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ашылу салтанатына қатысқан еді. Міне, ширек ғасырға жуық уақыттан соң Елбасы қазақ мұнайының қара шаңырағына аяқ басты.

қысқарғанын айтып, түпкі нәтиженің пайдасы бастапқы шығыннан екі есе және одан да көбірек болатынын атап өтті.

– Мұнай өндірудің қазіргі әдістерімен ғана шектелмей, заманауи тәсілдерді де қолдану қажет. Ең алдымен, қызметкерлерді озық технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету керек, – деп тапсырды ел Президенті.

Сонымен қатар ЕМГ кеңсесінде «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Ахметжан Есімов Мемлекет басшысына «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймағы қызметінің негізгі нәтижелері туралы баяндады.

Бұған қоса Мемлекет басшысына Атырау қаласы инженерлік желісінің электронды сызбаларына, ауыл шаруашылығына арналған жерлерге, кең таралған пайдалы қазбалар орындарына және өңірдегі жерлерді пайдалану шарттарына, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке электронды форматта тапсырыс беруге немесе мемлекеттік органға өтініш жолдауға онлайн-мониторинг жасау үшін мүмкіндік туғызатын Атырау облысының геоақпараттық порталының жұмысы таныстырылды.

Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев аталған электронды ресурстың енгізілуі өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, бизнес-процесті автоматтандыруға, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қатерін және жерді пайдалану шарттарының бұзылуын азайтуға мүмкіндік беретінін айтты.

Сапар барысында ел Президенті компанияның өндірістік үдерістерді қадағалау орталығының жұмысымен танысты. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев Мемлекет басшысына Интеллектуалды кен орнының жүйесін егжей-тегжейлі таныстырып, бұл жобаның нақты уақыт режимінде өнеркәсіп нысандарынан түсетін ауқымды мәліметтерді өңдеуге, шұғыл шешім қабылдау мақсатымен оларға әрі қарай талдау жасауға, сондай-ақ, кен орындарындағы өндіру үдерісін жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кен орындарына цифрландыру элементтерін енгізудің арқасында еңбек өнімділігі артып, құрылғыларды жөндеу мерзімінің және бірін-бірі қайталайтын құрылымдардың

2-бетте >>

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Баршаңызды мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Төл мереке әр шаңыраққа шаттық, ырыс-береке және бақыт әкелсін. Сіздердің еңбектеріңіз еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына қызмет етіп келе жатқанын мақтанышпен атап өткім келеді.

Жыл сайын біз төл мерекемізді тойлап қана қоймаймыз, сонымен қатар бір жылғы жұмысымызға талдау жасап, алдағы уақытқа жаңа міндеттер белгілейміз. Бұл өткенімізге ой жүгіртіп, болашағымызға айқын қарауға мүмкіндік береді.

ҚМГ соңғы жылдары бір мезетте бірнеше стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асырып жатқанын жақсы білесіздер. Бұлардың қатарында Қашаған мен Қарашығанақтан үлестерді сатып алуды, еуропалық активіміз – «Ромпетрол» компаниясына инвестиция салуды айтуға болады. Оның сыртында бір уақытта үш ірі зауытты жаңғыртып, газ-тасымал жүйесіне елеулі қаржы құйдық. Әрине, бұның бәрі борыш жүктемесі тұрғысынан алғанда өз әсерін тигізбей қоймайды. Алайда, бұл жобалардың барлығын соңына дейін жеткізбесек, алға жылжымыз қиын болатын еді. Сондықтан да бүгінгі күні ауқымды инвестициялық салымдардың кезеңі аяқталғанын жақсы жаңалығымыз деуге әбден болады.

Біріншіден, ірі жобалар бойынша айтып өтейін. Қашаған 2016 жылдың қарашасында іске қосылды. Бұл ірі жоба қазір кіріс әкеле бастады. Сондықтан да бұл жобаға енді қомақты қаржы құймайтынымыз анық. Қарашығанақтың 10 пайыздық үлесін сатып алу да өзін-өзі ақтады. Қазір ұлттық компанияның үлесіне тиесілі кіріс түсіп жатыр.

Екіншіден, магистралды құбыр желісінің құрылысы аяқталды. Қазіргі уақытта біз көгілдір отынмен еліміздің оңтүстік өңірін толық қамтамасыз етіп, газ тәуелділігінен біржола құтылды. Біз ішкі нарыққа шамамен 13,7 млрд. текше метр газ жеткіземіз. Алайда бұдан бізге ешқандай пайда түспейді. Осы отын түрінің ішкі тасымалынан компаниямызға жылына 57 млрд. теңге шығын келеді. Бірақ біз оны газ экспортынан түсетін кіріс есебінен өтеуге қол жеткізе білдік. Біздің газ 2017 жылдың қазанынан бастап Қытай бағытына қарай экспортқа шығарыла бастады. Бұл жоба енді кіріс әкеліп, борыштық міндеттемелердің өтелуін қамтамасыз етіп отырғанын да айта кеткім келеді.

Үшіншіден, Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Осы зауыттар мұнайды өңдеу көлемі мен тереңдігін ұлғайтты. Мұнай өнімдерінің К4 және К5 стандарттарын шығара бастады. Шымкент мұнай өңдеу зауытында да барлық іске қосу-реттеу жұмыстары бұл күндері бітуге дайын.

Осы айтып отырған жұмыстардың бәрі мұнай бағасының күрт төмендеуі кезінде орын алды. Осының бәрі біз үшін қиын кезең болды. Бірақ мұның бәрі артта қалғаны бізге алдағы күнге сеніммен қарауымызға мүмкіндік беретіні сөзсіз.



Енді структуралық тұрғыдағы жаңалықтарымыз туралы айта кетсем деймін.

Біріншіден, ұлттық компанияның жаңа стратегиясын қабылдадық. Оған сәйкес ҚМГ екі деңгейлі жаңа операциялық модельге көшуді бастады. Бұрынғы ҚМГ – бұл шағын холдингтік ұйым еді. Оның құрамында өз алдына ұлттық компания мен холдинг болып табылатын еншілес ұйымдар болғанын сіздер жақсы білесіздер. Оның әрқайсысында – өзінің директорлар кеңесі, әрбір деңгейде өзінің тәуелсіз директорлары, әрбір компанияда өзінің стратегиясы болды. Біз бір компания тобының құрамында болсақ та, корпоративтік орталыққа қол жеткізе алмағанымыз шындық еді. Бұл ретте басқарушылық ақпаратпен үйлесім әлсіз болғанын да жасыра алмаймыз. Үйлестіру жұмыстарының әлсіздігі де өз кезегінде жалпы компаниялар тобының тиімділігіне кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Сондықтан да біз ұлттық компанияны енді тұтас топтың стратегиясын, әдістемесін, стандарттарын және бірыңғай қазынашылық орталықты қалыптастыру бойынша функцияларды орындайтын бірыңғай корпоративтік орталыққа айналдырып отырмыз. Бұдан былай ҚМГ басты басқарушылық шешімдерді өзі қабылдайтын болады. Операциялық модельдің бірінші деңгейі дегеніміз осы.

Ал екінші деңгей – тек тікелей өндіріспен ғана айналысатын компаниялар. Олардың міндеті – тиімді өнім шығару немесе қызмет көрсету. Өздеріңізге белгілі, біз «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» құрылымын тараттық. Қызметкерлері ҚМГ-ға жұмысқа орналастырылды. Бір бөлігі қысқартылды. Бұл интеграция оңай болмағаны түсінікті, бірақ бәрі ойдағыдай өтті. Қызметкерлердің барлығына бірдей жағдай жасауға тырыстық. Ең алдымен адамдарды іріктеуде бәсекеге қабілетсіз, әділетсіз критерийлердің орын алуына жол бермедік. Бүгінде осы сияқты процестен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясы өтіп жатыр. Келесі кезекте – «ҚазТрансГаз». Бұл процесс осылай жалғасын таба береді.

2-бетте >>



ЦИФРАНДЫРУ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ембіде болды

«I-бемме»

КОМПАНИЯ ТАРИХЫ ҮШІН ЕРЕК КҮН

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы 95 жылдық тарихы бар компаниямызға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы келгеніне дән риза.

Компания соңғы жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасына сай өндіріске жаңа технологиялар мен жобаларды енгізіп келеді. Қазіргі заман талабына сай мұнай-газ саласын цифрландыру уақыт күттірмейтін өзекті мәселе екені белгілі. Осы орайда, геологиялық барлау, мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жұмыстарын жүргізу, мұнай мен газды өндіру, дайындау қызметтерімен айналысатын «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы соңғы жылдары кен алаңдарын цифрландыру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударып отыр. Өндірістің тиімділігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу, оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп, бизнесті дамыту үшін бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

2016 жылы өндіріс шығындарын оңтайландыру және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилоттық тәртіпте Уаз кен алаңында іске қосылып, бүгінде өз тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Мемлекет басшысын бұл жабада, әсіресе, жаңа технологиялардың тиімділігі қызықтырды. Айқын нәтиженің бірі – электр энергиясын үнемдеу 35 пайыздан жоғары көрсеткішке жетті. Ұңғымалар



қорын пайдалануды үдету арқылы қосымша мұнай өндіру көлемі артты. Жерасты жөндеу жұмыстарының көлемі қысқарып, әр ұңғымадағы мұнай өндіру есебі бірыңғайланды. Сонымен қатар өндірістік қауіпсіздікті арттыруға қол жеткіздік. Мұның барлығы жоба іске қосылғаннан бергі 2-3 жыл ішінде инвестицияны қайтаруға мүмкіндік береді.

Ұңғымалар параметрлері онлайн-режимінде мұнай-газ өндіру басқармаларындағы диспетчерлік бөлімге және ЕМГ өндірістік процестерді қадағалау орталығына жіберіледі. Келіп түскен ақпарат осы жерден сарапталып, соның негізінде ұзақ мерзімді жоспарлар құрылады.

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы



ЕЛБАСЫ ҮЛКЕН МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Қазақ мұнайының бастауында тұрған 95 жылдық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-на Президентіміздің келуі – ембілік мұнайшылар үшін үлкен мәртебе.

Мемлекет басшысы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Интеллектуалды кен алаңы жобасын жоғары бағалады. Аталған теңдесі жоқ жобаның көмегімен 24 сағат бойы

үзліссіз жүздеген шақырым қашықтықта орналасқан кен орнын онлайн-режимде бақылауға болады. Мәселен, аяқ астынан ұңғыма жұмысы тұрып қалуы мүмкін. Сол уақытта біз осы жерден тез арада бақылауға алып, тапсырма беріп, ұңғыманы қоса аламыз.

Соңғы технологияларды атыраулықтар инженерлік жүйеде ұтымды пайдаланып жүр. Елбасы геопортал арқылы ауыл шаруашылық, табиғи пайдалы қазбаларды өндіру сынды салалардағы жұмыс барысын онлайн бақылап, электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтермен танысты.

2017 жылы компанияға қарасты Прорва кен алаңдары тобына таратылды. Ал, биыл бұл бағдарлама «Жайықмұнайгаз» бен «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының кен алаңдарында іске асырылуда.

Игілікті істің заңды жалғасы ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ 2023 жылға дейінгі «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасында 11 кен алаңын цифрлы жүйеге көшіруді жоспарлап отыр.

Абат ҚҰТЖАНОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры



«I-бемме»

Екіншіден, өткен тәжірибені ескере отырып, ағымдағы қызметті қалыптастыру кезінде, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру барысында қаржылық тәртіп қажет болды. Сондықтан біз инвестицияларға лимит орнаттық. Әрбір жобаның мерзімі және олардың кірістілігін

талдау бойынша қатаң регламент енгіздік. Бұл мұнай бағасы көтерілген жағдайда инвестициялық шектеулер алына ма дегенді білдіре ме? Жоқ. Инвестициялар мүмкіндіктермен өлшенуі тиіс. Ол ешқашан борыштық жүктеменің артуына жол бермеуі тиіс. Осындай жаңа қатаң талаптарға байланысты бірқатар жобалардан бас тартуға тура келді. Дей тұра, ең маңызды жобаларымызды соңына дейін жеткізу басты міндетіміз екенін ешқашан естен шығарған емеспіз.

Осы атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын іргелі істер біздің ұлттық компанияны жаңа жоғары деңгейге шығаратынына сенімім мол. Осы жолда бәріңізге сәттілік және табыс тілеймін. Еңбектеріңізге жеміс, отбастарыңызға амандық тілеймін! Компаниямыздың абыройы асқақтай берсін!

Сауат МЫҢБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма Төрағасы

Тағайындау

Осы жылдың 13 тамызындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның №399-л бұйрығына сәйкес **Бақыт Алтайұлы Иманбаев** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Маңғыстаумұнайгаз және Өзенмұнайгаз жөніндегі басқарушы директоры болып тағайындалды.

Сонымен қатар, «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің осы жылдың 15 тамыздағы шешімімен **Б.Иманбаев** «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Айта кету керек, **Бақыт Алтайұлы** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметін қоса атқарады.



ӨМІРДЕРЕК

Бақыт Иманбаев Қазақ политехникалық университетін, Ақтау мемлекеттік университетін, Қазақ ұлттық университетін тәмамдаған. Еңбек жолын «Маңғыстау мұнай барлау» кешенді экспедициясының бұрғышысы болып бастады. «Мангышлак-нефть» өндірістік бірлестігінде мұнай және газ өндіру операторы, «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-да мұнай және газ өндіру опера-

торы, шебері, технологы, цех бастығы, диспетчерлік қызметтің басшысы, өндірістік басқарманың басшысы болып жұмыс істеді. Одан кейін «Жалғызтөбемұнай» ЖШС бас директорының орынбасары, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС техникалық директоры, «ҚазМұнайТеніз» ТМҚАҚ филиалының директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, бас директорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.



«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болып еңбек еткен **Бекзат Абайылданов** басқа жұмысқа ауысуына байланысты Компанияның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Компанияның Басқарма төрағасы (бас директоры) лауазымынан босатылды. Осы жылдың 16 тамызынан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы (бас директоры) қызметіне **Жәнібек Қайырбекұлы Нұғманов** тағайындалды. **Ж.Нұғмановты** «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы **Б.Иманбаев** ұжымға таныстырып, **Б.Абайылдановқа** атқарған жұмысы мен Компанияның дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін алғысын білдірді.

ӨМІРДЕРЕК

Жәнібек Нұғманов бұл қызметке дейін «ҚазМұнайГаз» ӨБТ ҒЗИ» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

Жәнібек Қайырбекұлы Ақтау университетін «тау-кен инженер мұнайшысы» мамандығы бойынша, Еуразия ұлттық университетін «экономика бакалав-

ры» мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» ӨФ-ның ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы болып бастап, осы кәсіпорында мұнай-газ басқармасы директорының орынбасарына дейін өсті. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ, «ҚазМұнайТеніз» ТМҚАҚ, «Каспий Инжиниринг» ЖШС, «АТК фирмасы» ЖШС-де жауапты, басшылық буындарда қызмет атқарған.

Бағдарламаны іске асыру барысы түсіндірілді

2018 жылғы тамыздың 22-24 күндері «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Қарабаев пен Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев Жаңаөзен қаласында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның акт залында еңбек ұжымымен және Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кеңсесінде акционерлермен, ардагер-мұнайшылармен кездесіп, артықшылықты акцияларды қайта сатып алу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Акция – компания пайдасының бір бөлігін дивиденд түрінде алуға құқық беретін құнды қағаз. Кез келген компания табысты қызмет ету үшін қаражат тартуды көздейді. Ал, қаражат тартудың бір жолы – акцияларды сатылымға шығару. 2004 жылдың сәуір айында «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ қосылуының нәтижесінде құрылған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2006 жылдың қыркүйегінде IPO Лондон қор биржасына өз акциясын сатылымға шығарды. Әлем елдеріне кең танылған Лондон қор биржасына акциясын орналастырған төрт қазақстандық компанияның бірі – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ осы арқылы 2 миллиард доллардан астам қаражат тартқан болатын. Ол қаражат өндірісті дамытуға, жаңа кен орындарын игеруге жұмсалды.

Ал, бүгінгі таңда КМГ БӨ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы арасында интеграция процесі жүріп жатыр. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – өз алдында үлкен міндеттер қойған 100 пайыз отандық компания. Ембі өңіріне қатысты шараларды нақтыласақ, Атырау облысы Жылыой ауданының аумағындағы Қаратон жерінде 5 500 метр тереңдікте барлау бұрғылау жұмыстарын жүргізу жоспары тұр. Бұл өңірдегі қордың көлемі 500 миллион тонна деген болжам бар. Атырау облысы Исатай ауданының аумағында да терең бұрғылау жұмыстарын қолға алу жоспарланып отыр. Сол арқылы ғасырдан астам өнім өндіріп келе жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өнім көрсеткішін 3 миллионға жеткізу көзделуде. Әрине, бұл ауқымды жұмыстарға үлкен қаражат керек. Отандық компания алдағы кезегін күткен маңызды шараларды нәтижелі ету жолдарын қазірден бастап қолға алған.

2018 жылдың соңына таман «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да қызметіне байланысты біраз өзгерістер болуы ықтимал. Осыған орай компанияның артықшылықты акцияларын

қайта сатып алу ұсынысы туындап отыр. Сатылымға шығатын бір акцияның құны 12 800 теңге көлемінде бағаланған. КМГ ҰК Басқарма төрағасының орынбасарлары Дәурен Қарабаев пен Құрманғазы Есқазиев акцияны сатып алу құнды қағаз иелері мен компания үшін тиімді ол екеніне баса мән бере отырып, бұл жұмыстың орындалу жолдарын жиналғандарға жан-жақты түсіндірді.

Мұнайшылар тарапынан сауалдар көп болды. «Бір акцияның құны 12 800 теңге деп бағалану жолы қалай есептелінген?» деген сауалға нақты жауап та берілді.

«Акцияның бағасын белгілейтін – нарықтағы жағдай. Бір акцияның құнына нарық бағасының үстемақысы қосыла есептелінген. Яғни, бір акцияның орташа бағасы 10 292 теңге болса, оған нарық бағасының үстемақысы 24,4 пайыз қосылып отыр. Сонда бір акцияның құны 12 800 теңгені құрайды», – деді Д.Қарабаев.

Жалпы, компания акциялары жай акция, артықшылықты акция деп екі түрге бөлінеді. Айырмашылықтарына келсек, жай акция иелері компания тараған сәттерде өтемақыларын ала алмай қалса, артықшылықты акция иелеріне белгілі бір мөлшерде ақшаларын алуларына мүмкіндік бар. Бүгінгі таңда КМГ БӨ артықшылықты акцияларының 86 пайызы – жеке тұлғалардың қолында. Акция иелері – «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен ардагерлері.

«КМГ БӨ акциясы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға неге берілмейді?» деген сауалға да тұщымды жауап берілді.

Қ.Есқазиевтің айтуынша, 2004 жылы құрылған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ акцияларының мұрагері құқығына ие болды. Ал, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бұл акциялардың мұрагері бола алмайды.



Соңғы 3 жылда дивиденд құнының төмен бағаланып келгені көпшілікті алаңдатқан мәселенің бірі-тін. Басшылармен болған кездесуде ардагер-мұнайшылар тарапынан дивиденд бағасының 25 теңге көлемінде төленіп жүргендігі де айтылды.

«Осыған дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ табысының белгілі бір бөлігін мұнайлы өңірлердегі қайырымдылық-демеушілік шараларына арнап, нарықтағы мұнай бағасының құлдырауына қарамастан әлеуметтік бағдарламалардың орындалуына жұмсалатын қаражат көлемін азайтпай ұстап келді. Жұмысшылар тарапынан да қысқарту болмады. Түсіне білген адамға бұл – өте үлкен шаруа» – деді Қ.Есқазиев.

Атап өту керек, бағдарламаға қатысу ерікті түрде жүреді. Артықшылықты акциялардың иелері көптеген факторларды – ағымдағы нарықтық жағдайды, компания қызметінің

алдағы мүмкіндіктерін, тәуекелдерді және жеке өзіне тән жағдайын есепке ала отырып сатуға не сатпауға шешім қабылдауы тиіс.

Д.Қарабаевтың айтуынша, артықшылықты акцияларды кері сатып алу компания үшін белгілі бір артық капиталдың қайтарлуы. Ол компанияның капитал құрылымын оңтайландыруға және КМГ тобындағы компанияларды қайта құрудың бұдан арғы жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, КМГ БӨ операциялық қызмет атқармайды, тек КМГ тобындағы компаниялардың өндірістік активтеріне иелік етеді. Қазіргі таңда КМГ БӨ-нің одан әрі қызметінің түрлі нұсқалары қаралып жатыр. Осыған байланысты бұл кезеңде артықшылықты акцияларды сату акция иелері үшін де, компания үшін де тиімді болып табылады.

Айта кету керек, артықшылықты акцияларды сату 2018 жылдың 13 тамызынан бастап 15 қарашаға дейінгі аралықта жүзеге асады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



АМАНЖАН ӨТЕСІНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ ардагер-мұнайшысы, компания акционері:

– Мен Өзенмұнайгазда 40 жылдан астам уақыт жұмыс жасадым. Мен де сіздер сияқты акционермін. Акцияларым бар. Әркім өзі біледі. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ жабылуы мүмкін. Ерте ме, кеш пе, акция сатылады. Сол себепті әркім өз отбасымен ақылдасып, бір шешімге келуі керек.



ҚАЙЫРЛЫ ЖҰМАҒАЗИЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ еңбек ардагері:

– Бұл мәселе «Акционерлер қоғамы туралы» заң жүйесінде толық көрсетілген. Егер акционерлік қоғам таратылған жағдайда, оның акциясы да өз жұмысын тоқтатады. 2018 жылдың соңында КМГ БӨ өз жұмысын тоқтатқалы отыр, акционерлердің жалпы жиналысында Компанияны таратып, оның артықшылықты акциясын қайта сатып алу жөнінде шешім алынған. Компания қандай жағдайда таратылады және кімдер шешім алатыны заңда анық көрсетілген. Акционерлердің жалпы жиналысының ұйғарымы, артықшылықты акцияны қайта сатып алу және әр акцияға қойылған баға туралы жиналыстың шешімі заңды күшіне енген құжат. Ол талқыланды, орындалуға тиісті. Кәсіпорын өз жұмысын тоқтатқан мезгілде оның артықшылықты акциясының құнын белгілейтін – нарықтағы баға. Компания жұмысын тоқтатқан кезде сатылмаған акция өз құнын жояды. Сол себепті, Компания басшыларының қойып отырған бағасы өте тиімді. Қолдағы бар акцияларымызды дер кезінде өткізгеніміз дұрыс.



РУСЛАН ГИЛИЗИТДИНОВ,
«FREEDOM finance» компаниясының филиал директоры:

– Бүгінгі нарықтағы бағамен салыстырғанда бір акцияның құнын 12 800 теңге деп бағалау өте тиімді. Құнды қағаз дер кезінде бағалануымен құнды. Сол себепті, өз жұмысын тоқтатқалы тұрған компанияның акционерлері үшін қолдарындағы артықшылық берілген акцияларын сатылымға шығару – дұрыс шешім.



С.Балғымбаев кен алаңының 50 жылдығына орай

Майталман мұнайшы – Мадхат

Биыл – Еділ мен Жайық өзені аралығындағы көмірсутегі кәсіпшілігінің мұнайшылары үшін үлкен мереке. Исатай ауданының аумағындағы іргелі ұжымның бірі саналатын «Жайықмұнайгаз» басқармасына қарасты С.Балғымбаев кен алаңына 50 жыл толып отыр. Бұл – жайықмұнайгаздық мұнайшылар үшін маңызды оқиға, олардың жүріп өткен өмір соқпақтарының үлкен бір бетшесі. Аға буынға Мартыши атауымен танылған, бүгінде С.Балғымбаев атындағы кеніште қаншама жұмысшылардың ұрпақтары алмасты. Сол кезеңдердің куәсі ардагер-мұнайшылардың естелігін тыңдай отырып, олардың жүріп өткен сан соқпақ жолдарын еске алғанды жөн санадық.

Мадхат Нұрмұханов 1969 жылы Қазақ политехникалық институтын бітіре сала, жолдамамен Байшонас мұнай кәсіпшілігіне жұмысқа келеді. Кәсіпшіліктің сол кездегі басшысы Қуаныш Құдабаев пен бас инженер Виктор Балдуев жас жігітті жылы қабылдады. «Сәлем – сөздің атасы» дегендей, алдарында отырған қараторы жас жігіттің жылы ұшырай амандасқанынан, ешкімді жатырқамайтын көпшілік, ақкөңіл мінезінен көп нәрсені ұқты ма, әлде жанарындағы «көрсем, білсем» деген отты байқады ма, әйтеуір екі басшы ақылдаса келе, жас жігітті қос өзен аралығындағы жаңадан ашылып жатқан кәсіпшілікке жұмысқа жіберуді ұйғарысады. Ал, жас жігіт болса, алғашқы еңбек жолын жаңа кәсіпшілікте бастаудың қаншалықты үлкен жауапкершілік екенін дұрыс түсіне білді. Бірден қабылдады.

Кіндіктен жалғыз Мадхат алдағы жоспары туралы анасымен ақылдасып отыруды әдетіне айналдырған, бұл жолы да ең жақын адамымен «жаңаны көрсем, үйренсем» деген ойымен бөлісті. Анасы көзіне жас алып баласына бағасын берді. «Орналасқан соң, анамды қасыма аламын» деген ішкі ойымен Мадхат жолға дайындалды. Бөтен орта, жаңа кәсіп. Алайда, ешкім мұны жатсынбады. Мартыши кен алаңының учасіт бастығы Зиядин Айдыналиев, оның көмекшісі Рысқали Қалмұханов, шебер Сайын Сатпаев, оператор Мәлік Сағытжанов – өндіріске жұмысқа келген Мадхатты мұнайшылық кәсіптің қыр-сырына баулыған алғашқы ұстаздары.

Сол кездегі өндірістің қиындықтарын ардагер-мұнайшылар әлі күнге дейін еске алып отырады.

– Әрине, ең алдымен өндірісшілік жолдың мүлдем жоқтығы. Соның ішінде Мартыши жерінің топырағы өзге кеніштерге қарағандай ерекше-тін. Жергілікті халықтың тілімен айтсақ, «тамшы тамса, 12 ай батпақ жататын «бауырмал жер». Қара батпаққа жолдың жоқтығын қосыңыз, қысқасы, сол кездегі мұнайшылар жыл он екі ай бойы аяқтарынан керзі етік тастамаушы еді.

Техниканың тапшылығы да қол байлау болды. Мұнайшыларды өндіріс басына таситын көліктің өзі қазіргі тілмен айтсақ, «қауіпсіздік ережесіне мүлдем сай келмейтін». Үсті ашық жүк машинасымен қатынайтынбыз. Оның өзі де жүргенінен тұрғаны көп, ескі көлік. Сол ескі көлікпен мұнайшыларды Мартышидан Доссор, одан әрі Байшонасқа тасушы еді. Өндірістің ұңғымалар дизель моторымен жұмыс істейді. Тоқ көзі бірде болса, бірде жоқ. Электр энергиясы жоқ дегеніміз – өнім өндіру барысы

толығымен тоқтады деген сөз. Сондай уақыттарда бүкіл мұнайшы бірлесіп, уақытпен санаспай, күнімен-түнімен жүріп, моторды іске қосатынбыз. Ұңғыма іске қосылғанда, таң жаңа ғана атып келе жататын. 1-2 сағат көзшырымын аламыз да, қайта жұмысқа шығатынбыз. Сол кездерде «мен артық сағат жұмыс істедім, демалыс керек, не болмаса маған жүрген уақытыма ақшам жүрсін» дейтін бір де бір жан жоқ еді. Өндіріс жұмысы тоқтамау керек, бұл – айқын мақсат. Сол мақсат жолында жұмыла еңбек еттік, – дейді ардагер-мұнайшы Мадхат аға.

Ол кездегі өндірістің ауыр жағдай белгілі. Ең бастысы, өндіріске қажетті қарапайым құралдардың өзі жетпей жататын. Алайда, сол қиындықтарды жергілікті мамандардың өздері жеңді. Шынын айту керек, ол кезде мұнай-газ саласы Мәскеудегі министрлікке қарады. Ал жаңадан ашылып жатқан мұнай кәсіпшілігі – Мартышиға министрлік тарапынан қамқорлықты көре алмады. Тек еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана проблемалар тетігі шешіле бастады. Бұрын қол жеткізе алмай жүрген өндірістің құрал-саймандар келе бастады. Мұнымен өндірістің қиындық атаулы толықтай түгесілді деген ой тумасын. Басты қиындық жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы болды. Мұнайшылар айдала қауқып тұрған вагондарда орналасты. Вагонның тар бөлмесінде бірнеше адам тұрып жатты. Жергілікті жердің ауа райы да қолайсыз, жазы аптап ыстық, қысы адам төзгісіз суық жел. Вагон ортасында темір пеш орнатылып, сол жерде тамақ та пісіріледі, жұмыстан соң мұнайшылар пешті айнала оты-

рып жылынатын да. Кейін мұнайшылардың арасынан алғашқы болып Ғинаят Хайруллинге мұнайшылар жиналып, баспана тұрғызды. Баспана деген аты болмаса, бульдозермен топырақты үйіп, үйдің биіктігіне келтіріп, биіктетті. Астын қазып, тереңдетіп, жер үй салды. Қыста кәдімгідей жылы, жазда ыстықтан пана. Мұнайшыларға бұл баспана жұмақтай көрінгені де рас. Келесі жылы Жұмаш Тоғайбаевқа да бәрі жұмыла тағы бір баспана салып берді. Екі бөлмелі баспананың

бір бөлмесі сырттан келген мамандарға жатақхана есебінде болды. Жанынан жиылып асхана салды. Сөйтіп, өндіріс алаңында алғашқы әлеуметтік нысандар бой көтере бастады. Басты қиындықтың тағы бірі, орталықпен байланыс деген мүлдем болмады. Ауа райының қолайсыз күндерінде, жауын-шашынды мезгілдерде орталықтағы елді мекендерге жету мұң болатын. Телефон деген атымен жоқ, мұнайшылар бірнеше күн қатарынан орталықпен байланыс қалатын.

М а р т ы ш и к е н а л а ң ы н д а қойнауқатқа су айдау – маңызды шараның бірі. Себебі, мұнай қабатына көлдете су айдау арқылы өнім деңгейін бір қалыпты ұстап тұруға жол ашылатын. Алайда, бұл әдістің қиындығы – су ағана уақыт тоқтап қалса, өнім дейгейі бірден төмен түсіп кететін. Бүгінде айтуға оңай болғанымен, жоғарыда аталған проблемалар сол кездегі өндіріс қиындықтарының бірекеуі ғана. Сол қиындықтардан шығар жолды жайықмұнайгаздық мұнайшылар өздері шешті, тиісті шешімін де тапты.

20 жылдан астам өндірісті басқарып, басқарманың бас инженері болған Мадхат Нұрмұханов осы қиындықтардың басы-қасында жүрді. Қиындықтарды жеңуде ұжымды бірлестіре білген білікті басшы атанды.

Мұнайшы ретінде оның еңбек еткен жылдарының ең жарқын беттері «Жайықмұнайгаз» басқармасында өтті. Өзіне ыстық басқарманың бүгінгі тынысы да ардагер мұнайшының үнемі назарында. Өндіріске еніп жатқан жаңалықтарға мұнайшылармен бірлесе қуанып та отырады. Әсіресе, ілеспе газды пайдаға асыру қондырғысының іске

С.БАЛҒЫМБАЕВ
КЕН ОРНЫНА



қосылғаны мұнайшы-ардагерлердің күні кеше ойларына да кірмеген тың жаңалық. Аталмыш қондырғының іске қосылуы арқылы мұнайшылар аса маңызды екі шараны жүзеге асыруға бір мезетте қол жеткізді. Біріншіден, жергілікті халықтың көгілдір отынға деген сұранысын толығымен қамтамасыз етіп отырса, екіншіден, газды өндірістік қажеттілікке де жұмсауда.

Заманның алға қойған талабының бірі – өндірісті цифрландыру жүйесі. Бұл орайда Ембі өңіріндегі Уаз кен орнынан («Қайнармұнайгаз» басқармасы) басталған Интеллектуалды кен алаңы жобасы енді «Жайықмұнайгаз» басқармасында жалғасуда. Бұл – бүгінгі өндірісті толықтай автоматтандыруға қол жеткізгеннің көрінісі. Жаңа жүйемен жұмыс істеуге мамандардың біліктілігі де сәйкес болуы аса маңызды. Компания соңғы уақыттарда мамандарды қайта оқытуға үлкен мән беріп отыр. Ембілік мамандар шет елдерде арнайы курстардан өтіп, мұнай-газ секторындағы әлемдік тәжірибемен кеңінен танысуда. Соңғы кездерде жақсы жолға қойылған жобаның тағы бірі – Дуалдық оқыту бағдарламасы. «Ембімұнайгаз» АҚ облыстағы екі бірдей іргелі оқу орнымен тығыз байланыс орнатып, талантты жастардың өндірістік тәжірибеден өтулеріне мүмкіншілік орнатып отыр. Практика кезінде жақсы нәтижелерімен көрінген, саналы білімдерімен топ жарған оқу орындарының түлектері компанияға жұмысқа қабылданауда. Міне, осындай тың жобалар арқылы ежелгі Ембі өндірісі біліктілігі жоғары, бүгінгі бәсекелестік талабына сай мамандармен толықтырылуда. Өндіріс алаңындағы әлеуметтік нысандар да типтік жүйеге көшкен. Кешегі вагондар жаңа, жайлы жатақханалармен, асханалармен алмастырылған. Айта берсе, бүгінгі Ембі өндірісі жаңалыққа толы. Осының бәрін көрген ардагерлер жастарға жасалып отырған қамқорлықтарға дән риза.

– Бүгінгі мерейтой қарсаңында барша әріптестерімді, жайықмұнайгаздық мұнайшыларды, шәкірттерімді осынау тамаша тоймен құттықтаймын. Бұл – біз ұмытпайтын, біздің санамыздан ешқашан өшпейтін тарих. Мен өмірімнің осынау тамаша кезеңдерін дәл осы басқармада, осы ұжыммен өткізгенім үшін өзімді бақытты санаймын, – дейді еңбек ардагері, майталман мұнайшы Мадхат Нұрмұханов.





«Үздік маман-2018» байқауының II кезеңі бойынша жеңімпаздар марапатталды

«Үздік маман-2018» байқауының II кезеңі бойынша жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Оған «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы және Кәсіподақ ұйымының өкілдері қатысты.

13 мамандық бойынша бақ сынап, компанияның үздік танылған 45 маманы сый-құрметке бөленді.

Жиында «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы Компания қызметкерлерінің арасында жүзден жүйрек шығып, озып шыққан қызметкерлерді құттықтап, алда «Қазмұнайгаз»ҰК» АҚ-ға қарасты кәсіпорындар арасында болатын сайысқа сәттіліктер тіледі.

Қызметкерлер өз теориялық және тәжірибелік кәсіби шеберліктерін үздік

көрсетіп, өздері еңбек ететін мекеме абыройын асқақтатты. Енді олар Ұлттық компания деңгейінде болатын ақтық сыйысқа одан әрі тыңғылықты дайындықпен баруға жұмыстануда.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Жаңаөзен қаласының өнерпаздары ән мен жырдан шашу шашса, «Өзенмұнайгаз» АҚ Жайдарман командасы әзілдерін арнады.

Мамандығым – мақтанышым!

Касиет тұнған мұнайлы мекен Мақат топырағында дүниеге келіп, Қазақстан болашағы үшін мұнайшы болып қызмет етіп келе жатқаным – мен үшін асқан бақыт!

Өзім мақтан ететін мұнайшы мамандығым игеріп, абыройлы еңбек етіп келе жатқаным 33 жылдан асыпты. Кәсіби білімді ауыр да қызықты мамандығымды атқару жолында толығымен іске асыруға тырысып келемін. Мен өз мамандығым бойынша қызметімді жауапкершілікпен және үлкен сүйіспеншілікпен атқарамын.

Доссор мұнай кен орны Атырау облысының Мақат ауданында орналасқан. 1911 жылдың 29 сәуір күні №3 ұңғымадан 250 метр тереңдіктен юра қабатынан мұнай фонтаны атқылаған. Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Доссор мұнайы ғасырдан аса уақыттан бері игеріліп келе жатыр. Қазақстанда ашылған ең алғашқы өндірістік маңызы бар мұнай кені. «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жетістіктері мен марапаттары жүздеген мұнайшылар мен жер қойнауын игерушілердің қажырлы еңбегінен тұрады. Мұнай кәсіпшілігінің дамуымен бірге кен орындарды игеру жүйесі де уақыт талабымен қатар үздіксіз жетілдіріліп келеді.

Басқарма басшысы Амангелді Сүлейменовтің білікті басшылығының арқасында мекеме жоғары көрсеткіштерге, жақсы жетістіктерге ие болып отыр. «Доссормұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты 4 мұнай өндіру цехы, 2 мұнай дайындау цехы, 1 жерасты құрал жабдықтарын жөндеу цехы, 1 арнаулы көлік керуені цехы бар. Мол өнім беріп тұрған негізгі 2 кен алаңы Ботақан, Шығыс Мақат кен алаңдарына

ұңғыларды интеллектуалды басқару жүйесі енгізілген.

Шығыс Мақат кен орнынан өндірілетін «қара алтынның» құрамында күкірт аз және технологиялық құрамы жоғары. Мұнай сапасын зертханашылар үнемі тексеріп отырады. Кен орында мұнай өндірудің жаңа технологиялары – бұрандалы сораптар жұмыс істейді. Мұнайды дайындау және тасымалдау цехының қуаттылығы айтарлықтай күшті. Бүгінде мұнаймен бірге келетін ілеспе газды өндіру арқылы цех көгілдір отынмен бүкіл өндірісті және жақын маңдағы елді-мекендерді қамтамасыз етіп отыр.

Тағы бір ауыз толтырып айтатын шара, Ақтөбе трассасынан Шығыс Мақат мұнай өндіру цехына дейін 12 шақырым жолға өзара байланысын ұйымдастыруға жағдай жасауда. Заманауи технологияларды көлік саласында да пайдалану аса маңызды. Бұл барлық арнаулы көлік керуені мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның еңбек қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы түпкі мақсаты - компанияның кен орындарында толық қауіпсіз өндіріс құру болып табылады. Осы мақсатты ұстанған «Доссормұнайгаз» өндірістік басқармасы қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. «Ұңғымаларды жерасты жөндеу

үздік бригадасы»; «Еңбекті қорғау өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі бойынша үздік құжат жүргізу»; «Үздік жұмыс орны»; «Үздік арнайы техника жүргізушісі»; «Өндіріс нысандарындағы үздік жатақхана», «Жылдың ең үздік қауіпсіз кәсіпорыны» болып танылды. Мұнайшыларымыз ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы жұмысының аса маңызды және ажырамас бөлігі – әлеуметтік сала. Бізге қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының, қызметімізді жүзеге асырып жатқан кенттер тұрғындарының еңбек және өмір сүру жағдайын жақсарту үшін үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Жұмысшылардың жағдайы мен әл-ауқатын көтеру саласында кен алаңдарында заман талабына сай жатақхана мен асханалар бар. Басқарма қызметкерлері мен жұмысшыларына сапалы медициналық қызмет көрсетуі үшін барлық жағдай жасалған. «Медикер» ЖШС дәрігерлеріне жұмысшылар денсаулықтарын тексеруден өткізуге типтік вагондар орнатылып, медициналық пункттер жұмыс жасауда.

Балалар үшін жазғы демалыстың орны қандай ерекше екені баршамызға мәлім. Оны пайдалы әрі қызықты етіп өткізу мақсатында жазғы балалар демалыс орындарының жұмысы жолға қойылған. Балалардың жазғы демалыс орындары әртүрлі болғанымен,



олардың мақсаты мен міндеті бірдей: балаларды тынықтыру, қызықтыру, денсаулығын нығайту, білімін кеңейту, тәрбиелеу. Ол үшін басқарма барлық жағдайды ұйымдастырып отыр.

Қарт кісіні құт-береке деп танысақ, ол – ұрпақ көрегендігі. Басқарма мекеме зейнеткерлеріне, қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты жағдай жасауда. Бұдан бөлек, басқармада қызметкерлердің өнері, бойындағы тума таланты мен қабілетін ашуға жол беретін байқаулар мен спорт шаралары тұрақты әрі жиі өткізіліп тұрады. Осындай көптің игілігі үшін жасалып жатқан іс-шараларға азды-көпті үлес қосып отырғанымна қуанамын.

Мен ұжымымен мақтанамын! Қамбадағы «қара алтынмыз» сарқылмай, қазынамыз лайым ел игілігіне бұйырсын!

Жанат АРЫСТАНОВА,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ
Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің
маманы

Бу өндіру цехының білікті маманы

Ұзақ жылдар бойы Қаражанбас кенішінің дамуы жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан жұмысшылар қатары өте көп. Солардың ішінде отыз жылдан астам уақыт бойы мұнай өндіру жұмыстарына елеулі үлес қосқан ардақты мұнайшылар да жеткілікті. Осындай азаматтардың бірі «Қаражанбасмұнай» АҚ-да 33 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Бу өндіру цехының жөндеуші слесарі Амантай Әбіш. Амантай Аралбайұлы Әбіш Қаражанбас кен орнында 1985 жылдан бері жұмыс істейді. Отыз үш жылда ол компанияның талай белесті бағындырғанына куә болды. Соған орай өз үлесін қосып, жауапты кезеңдерді бастан өткерген мұнайшы.

Амантай Аралбайұлы Маңғыстау ауданына қарасты Тұщықұдық аулында 1957 жылы дүниеге келді. Әкесі Аралбай мұғалімдік жұмысына байланысты Шайыр, Жыңғылды

ауылдарында бірнеше жыл бойы еңбек еткен педагогика саласының майталманы. Амантай жетіге толған жылы олар жаңадан құрылған Ералиев елді мекеніне қоныс аударып, сол жақтан өсіп-өніп, мектеп бітірді.

Бүгінде білікті маман саналатын ол бозбала шағында ұшқыш болуды армандаған. Жатса-тұрса ойынан бір шықпаған асыл арманы оны Ақтөбедегі авиация мамандарын даярлайтын училищеге жетелеп апарды. Талапкер Амантай жоғары дәрежедегі медициналық тексерістен өтіп, Орынбордағы Бугуруслан қаласындағы училищеге жолдама алады. Алайда сол жолы оқуға тапсырған еңбек өтілі барлар мен әскерден келгендерге жеңілдік беріліп, мектеп бітірген балаң жігіт кері қайтады. Ералиевте бір жыл құрылыста жұмыс істеп, келесі жылы қайта талаптанады. Алайда сынақтан сүрінбей өткеніне қарамастан

денсаулығынан кінәрат табылып, басқа мамандыққа ауысуына тура келді. Сөйтіп, Ригадағы авиадиспетчер дайындайтын және Бішкектегі ұшақтар мен авиадвигательдерді пайдалану училищесіне бару туралы таңдау тұрды. Амантай Аралбайұлы Бішкекті таңдап, 1975 жылы оқуға қабылданады. Ол оқу бітірген жылдары Маңғыстау облысында мұнай өндірісі қарқын алған тұс болатын. Аймақта авиаотряд ашылғанда бірден жолдамамен туған жерге оралды. 1977 жылы төрт адамның бірі болып АН-2 ұшағының болашақ технигі ретінде практикадан өтті. УТР-ден практикада бір жыл бойы сыналып, нәтижесінде емтиханнан сүрінбей өтті. Осылайша, АН-2 ұшағының технигі болуға жолдама алды. Жұмыс тобымен бірге АН-2 ұшағында үш жыл бойы техник болып еңбек етті.

1981 жылы оның авиация саласында алған жарақаты бұл жұмысты одан әрі жалғастыруына мүмкіндік бермеді. Ал 1985 жылы Қаражанбас кен орнына авиация технигі мұнайшы болып жұмысқа келеді. Жер қабатына қысыммен әсер ететін компрессор станциясында Амантай Әбіш краснодарлықтармен бірге білек сыбана сегіз жылға жуық жұмыс істеді. Ол кезде көпшілік білікті мамандар Краснодар қаласынан қатынайтыны көпшілікке белгілі.

«1981 жылы үйленіп, 5 қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірдім. Қаражанбасқа келген бойда пәтер кезегіне тұрып, 1991 жылы ерен еңбегімен Ақтау қаласынан 5 бөлмелі пәтер алдым. Расында біз өндіріске келген уақыт нағыз сындарлы кезең болатын. Мұнай өндірісінде түрлі сынақтар өтті. Пайдаланылған жабдықтардың көбі тиімсіз болып, араға уақыт өтпестен жаңа технология алмастырылды», – дейді ол өткен кезеңдерді еске алып.

Амантай Аралбайұлы бүгінде әлеуметтік ахуалдың көші ілгерілеп, жұмысшыларға оң жағдайдың жасалғандығын қуанышпен атайды. «Менімен қатар жұмысқа келген жігіттердің көбі зейнет демалысына шығып үлгерді. Қарап отырсам, 33 жылға жуық



өндірістегі өмір түрлі қызықтарымен есте қалды. Әлі де зейнет жасына дейін компания дамуына өз үлесімді қосып, маңдай терімді төгемін деген ойдамын», – дейді майталман маман.

«Жақында Компания өз тарихында елуінші миллион тонна мұнайын өндіріп, тарихи кезеңге аяқ басты. Бұл жетістік әр жұмысшының кеудесінде мақтаныш сезімін ұялатады.

Әріптестерім білікті мамандар. Қатарымызда бес жөндеуші слесарь, бір темір жонушы, бір огнеупорщик. Бу өндіру цехында жемісті еңбек етіп жатырмыз», – дейді әңгімеміздің кейіпкері.

Компания болашағына үкілі үмітпен қарайтын Амантай Аралбайұлы мұнай өндірісінде «Қаражанбасмұнай» АҚ биік белестерді бағындыратындығына сенеді. Компания осындай білікті мамандарымен қуатты.



Қаражанбас құрметтісі

Жаңабай Жазықбайұлы қабат қысымын ұстау цехының шебері. Отыз бес жылдан бері өндіріс жұмысының ілгерілеуіне өз үлесін қосып жүрген оның тәжірибесі көпке үлгі.

1983 жылы 20 жасында «Союзтермнефть» мекемесінің есігін айқара ашқан Жаңабай Жазықбайұлы №1 мұнай өндіру цехында оператор болып еңбек жолын бастайды. Сол уақыттары «Қаражанбасмұнай» АҚ-на Ләззат Қиынов басшылық ететін. Әскерден келген жігіт Жаңабайды жұмысқа қабылдап, бірден бұйрық шығарды. Сексенінші жылдары Қаражанбас жұмысшылары арасында қазақ жігіттерінің қатары өте аз болатын.

Жаңабай Жазықбайұлы жұмысқа орналасқан соң оны бірден №1 МӨЦ-те оператор етіп бекітті. Алғаш рет өндіріске келген балаң жігіт тапсырманы дер кезінде орындап, ұқыптылықпен іске асыра білді. Білімге деген құштарлығы оны кәсіби маман ретінде жыл өткен сайын шындай түскені рас. 1983 жылдан №1 МӨЦ-те табан аудармастан 2004 жылға дейін жұмыс істеген ол қабат қысымын ұстау цехына ауысып, оператор болып жемісті еңбек етті. Араға жыл салып, шебер болды.

Жәкеңнің айтуынша, отыз бес жыл бұрынғы Қаражанбастың тынысы басқаша еді. Құла дүздегі өндіріс ошағының көлемі кішкентай, еңбек күші де санаулы бола-

тын. Қазіргідей дамыған технологияны ол кезде елестету мүмкін емес еді. Алайда, соған қарамастан табанды еңбек еткен жұмысшылар Қаражанбастың ілгері қарай қарыштап дамуына жұмыла үлес қосты.

Отыз бес жыл ішінде Қаражанбас түрленіп, небір қиын кезеңдерді артқа тастап, еліміздегі іргелі мұнай өндіру компаниялардың қатарына қосылды. Бүгінде қабат қысымын ұстау цехының топтық сорап қондырғысының шебері Жаңабай Жазықбайұлы 55 қабылдаушы және 60 су айдайтын ұңғы арқылы күніне 57 мың текше метр суды жер астына жіберіп отыр. Өзімен бірге жұмыс істейтін 8 машинист, 6 слесарь игілікті істі ұқыптылықпен атқаруда. Жалпы, қабат қысымын ұстау цехында екі ауысым бойынша 122 адам еңбек етеді. Цехқа тиесілі 21 сорап болса, соның 14-і тұрақты жұмыс істеп тұр.

Кейіпкерімізбен қатар жұмысқа орналасқан мұнайшылардың дені зейнет демалысына шығып үлгерді. Дегенмен, сонау компания іргетасы қаланған жылдардан қатар істеп келе жатқан Болат Исекенов, Дауылбай Қоблашев, Кәрім Бозахаров, Бекжан Ишекенов, Ақмұрат Шамиев сынды азаматтардың орны ерекше. Кеше ғана қол жеткізген 50 миллион тонна мұнай өндіруге осы аталған жандардың сіңірген еңбегі орасан. Осындай қанаттас еңбек еткен жолдастары туралы Жаңабай мақтанышпен айтады.

Жәкең 1986 жылы отау құрып, үй болды. Сол жылы еңбекте ерекшеленгендерге мекеме баспана үлестірген. Мұндай қуаныш



оған да бұйырды. Бүгінде үш ұл, бір қыз өсірген Жәкең құдай қосқан қосағы екеуі немере сүйген ата мен әжеге айналған. Немерелерінің алды мектепке баратын жасқа жетіп қалды. Үлкен ұлы әке жолын таңдап, бүгінде мұнайшы болып қастерлі мамандықтан нәсібін тауып жүр.

Ұзақ жылғы ерен еңбектің жемісін көріп отырған Жаңабай Жазықбайұлы марапаттан да кенде қалған емес. Қаражанбастың даму кезеңіне куә болып келе жатқан ол компанияның іргелі ұжым ретінде мұнай саласында ұзақ жасайтындығына бек сенімді.

«Мұнайшы қыз» клубы тренинг ұйымдастырды

Тамыздың 13-15-сі күндері аралығында Алматы қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен өзін-өзі дамыту, өзіне деген сенімділікті арттыру мақсатында тренинг өтті. Көшпелі тренингке компанияға қарасты алты басқармадағы клуб жетекшілері мен белсенді мүшелері қатысты.



қабілеттерін арттыруға мән беріп отырмыз, – деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Рысты Тасмағамбетова.

Мұнайшы қыздарға арналған тренингті Халықаралық «FranklinCovey» компаниясының қазақстандық сертификатқа ие тренер Айнұр

Ботаханова жүргізді. Тренинг американдық жазушы, психолог Стивен Ковидің әлемге кең танылған «Жоғары тиімді тұлғалардың 7 дағдысы» атты кітабының негізінде жүргізді.

Үш күнге созылған тренингте мұнайшы қыздар ұжымдағы бірлік пен татулықты

нығайтуды мақсат еткен ішкі коммуникация талаптарын сақтау жолдарына қатысты түрлі тапсырмаларды орындай отырып, ішкі потенциалды нығайтуға қатысты құнды кеңестерді тыңдады.

–Мұнайшы қыздар арасында тренингті ұйымдастыру арқылы компанияда еңбек етіп жатқан мұнайшы қыздардың жеке және іскер



Спорт додасы кен алаңының мерейтойына арналды

Үстіміздегі жылдың 16-17 тамыз күндері «Атырау» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі мен «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты С.Балғымбаев кен алаңының 50 жылдығына орай спорттың бірқатар түрінен жарыстар өтті.



Мерекелер қарсаңындағы жарыстар шағын футбол турнирімен басталды. Жарыстың ашылу салтанатына ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

–Тарихи тереңде жатқан компаниямыз үшін мұнайшыларды өндіріс қауіпсіздігімен қамтамасыз етумен қатар олардың денсаулықтары мен өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай жасау басты басымдық саналады. Барлық жұмысшыларымыз отбасы мүшелерімен бірге медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіліп, барлық кен алаңдары базаларында спортпен шұғылдануға толық жағдай жасалған. Сондықтан да атаулы мерекелерге орай ұйымдастырылатын шараларды спорттық жарыстардан бастауды ұйғардық, – деді Ә.Жақсыбеков.

Доп додасына компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен

басқару аппаратынан барлығы 8 команда қатысып, 70-ке жуық қызметкердің басын қосты.

Екі күнге созылған байрақты бәсекеңің ақтық кездесуінде орталық басқару аппаратының командасы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ командасынан басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды. Ал, қайнарлықтар күміс жүлдегер атанды. Жұлделі үшінші орынды «EMG-EP Catering» командасы иеленді. Жеңімпаз және жүлдегер командаларға кубок, медальдар табыс етілді. Сонымен қатар турнир соңында үздік ойын көрсеткен ойыншылар номинациялар бойынша марапатталды: Серік Бисекенов («Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы) «Үздік қақпашы»; Ерназар Табылдиев («EMG-EP Catering» командасы) «Үздік шабуылшы»; Батырбек Жүнісов («ӨТҚЖЖК» командасы) «Үздік жартылай қорғаушы»; Нұрбек Ишанов (Орталық басқару аппараты командасы) «Үздік қорғаушы»; Айгүл Какимова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) «Үздік бапкер» атанды.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған мерекелерге орай 17 тамыз күні «Инфинити» бильярд клубында шар додасы ұйымдастырылып, 16 қызметкер жарыс жолына шықты.

Ойын екі жеңіске дейінгі екі пирамида жүйесі бойынша өтті. Жарыс қорытындысымен орталық басқару аппараты командасынан Жолдас Ильясов жеңіске жетті. Ал, аталған команданың мүшесі Талғат Әбілов екінші орын, Нұрқуат Наурызғалиев («Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» командасы) үшінші орынды жеңіп алды. Жекелеген номинациялар бойынша Амантай Дүйсеғалиев «Ең ересек ойын-

шы», Бауыржан Ерекешов «Жеңіске деген жігері үшін», Қадыр Әбуов «Ең жылдам ойыны үшін» аталымдары бойынша марапатталды.

Спорттық ойындарды дәстүрлі «Алтын ұя» отбасылық эстафеталық жарысы қорытындылады. Бұл жарысқа компанияға қарасты басқармаларда еңбек ететін мұнайшылар қатысып, өз жанұяларымен бірге 10 эстафеталық жарыс бойынша бақ сынады.

Дода қорытындысында «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының намысын қорғаған Салимовтар отбасы жеңіске жетті. Ал, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан Есқазиевтер жанұясы екінші орынды иеленсе, орталық басқару аппаратының бухгалтері Мақсот Сүйесіновтің отбасына үшінші орын бұйырды. Жеңімпаз бен жүлдегер командалар диплом, кубок, медальдармен марапатталды. Бұған қоса, барлық қатысушы отбасылардың балаларына ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.





Мұнайшылар шығармашылығы

Ұжымым – мақтанышым!

Мамандық – жәй күнелту, ақша табу емес. Әр адам өз мамандығынан рухани күш алып, еңбектің рахатын көреді. Менің таңдаған мамандығым – мұнайшы. Бұл мамандықты әке жолын қуып таңдадым. Әкем қырық бес жыл өмірін мұнай өндіру саласына арнап, он бір бала тәрбиелеп өсірді.

1985 жылдан бастап еңбекке араластым. Өндірістен мол тәжірибе жинақтап, 1992 жылы Алматы қаласында Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық институтын бітіріп, геолог мамандығымен жұмыс жасадым.

Еңбек жолымда көптеген білікті мамандармен кездестім, білімді ұштадым, ұрпақ тәрбиеледім. Осы мамандығымның жемісін жедім, көптеген марапаттарға ие болдым. Астанада өткен «EXPO 2017» көрмесіне бардым. Қазіргі өндіріс жағдайымен салыстырсам, технология әлдеқайда алға дамығанын көремін. Өндірістегі жас буын мамандарға қарап, еліміздің жарқын болашағын көріп қуанып отырамын.

Қолым бос уақытта кітап оқып, ойымнан туындаған өлеңдерді қағаз бетіне түсіремін, тігін тігуді, тоқыма тоқуды ұнатамын. Ас дайындау – менің сүйікті кәсібім.

Киелі мекен Шығыс Мақат кен алаңының мұнай өндіргеніне – жиырма бес жыл. Еліміздің экономикасын көтеруде өзіндік үлесі мол деп білемін. Шығыс Мақат кен алаңының топырағын басып жүрген әрбір мұнайшының осы салаға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қыстың сықырлаған сары аязы, жаздың ауыз кептірер аптап ыстығы ауызбірлігі жарасқан бұл ұжымға мұнай өндіруде ешқандай кедергісін келтірмейтіндей.

ШЫҒЫС МАҚАТ МҰНАЙШЫЛАРЫНА

Шығыстан шықты күн арайланып,
Төгіліп шапағатын жерге жайып.
Атанды мұнайшылар таң сәріден,
Нәсібесі мол шығысты бетке алып.

Әр кеннің байлығы да болар бөлек,
Тәжірибелі маман ғана оны игермек.
Басын изеп теңселмелер қарсы алар,
«Келдің бе, жанұяң аман ба?» деп!

Жолыңда желеп-жебеп Ошақ Ата,
Тілейді ұрпағына ақ тілеуін.
Алланың табаныңа берген күші,
Майланған топырағың мамық мақта.

Күлкісі сыңғырлаған қыз-келіншек,
Өндіріске сән берер орны ерекше.
Болашақ ұрпақтарға өмір сыйлап,
Тәрбиелеп өсірген зор келешек.

Қызығы мен шаттығы мол өмірде,
Ер азамат, орның сенің әркез төрде.
Мұнайың сарқылмасын, мұнайшылар,
Әріптестер, құтты болсын төл мереке!

Алмагүл НҰРЖАНОВА,
«Ембімұнайгаз» АҚ Шығыс Мақат
кен орны зерттеу цехының шебері



35 жылдан соң

Мұнайшы құрбыларыма
жыр арнадым

Келе жатқан мұнайшы күніне орай, мұнай саласында 35 жылдам астан уақыт еңбек етіп келе жатқан құрбыларым Құлжаева Қамажай, Бекжанова Гүлсім және өзім туралы жазбақшымын. 1983 жылы біз бар-жоғы 18 жаста ЖҚҚС цехына жұмысқа кіргенбіз. Содан бері достығымыз жарасқан құрбылармыз. Құрбыларымды төл мерекемізбен құттықтай отырып, адал достығымыз жалғаса берсін деген тілегімді өзім шығарған мына өлең жолдарымен білдіремін.

Киелі өңір – Маңғыстау,
Қойнауы толған мұнайға.
Кездестірген үш қызды,
Бұйыртып бір арнаға.
Асуларды бір асып,
Келеді достық жалғасып,
Жалындаған жастық шақ,

Сабырлықпен жаңасып,
Мұнайшы достар – үш құрбы,
Кешегімен бүгінгі.
Жылдар бойы жарасқан,
Қадірлі достық белгісі.

Рамила АМАНЖОЛОВА,
Жаңаөзен қаласы

ҚМГ 2018 жылғы Спартакиадасы

Спорттық дода көрігі:
жанкүйерлер жеңіс күтеді!

2018 жылғы 27-29 тамыз күндері Астанадағы Nazarbayev University сауықтыру кешені аумағында мұнайгаз өнеркәсібі қызметкерлері күні құрметіне өткізілетін «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК компаниялар тобының дәстүрлі Спартакиадасының ақтық бәсекелері өтуде. Бұған дейін үстіміздегі жылдың маусымында 2018 жылғы Спартакиаданың іріктеу турнирлері басталған болатын. Еншілес және төуелді ұйымдардың 8 тобында іріктеу кезеңі өтіп, онда ҚМГ компаниялар тобының барлық еншілес ұйымдарынан 3 мыңнан астам адам қатысты.

«Мемлекет басшысы әркез бұқаралық спортты дамыту қажеттілігін айтып жүретінін жақсы білесіздер. Еліміздің барлық жерлерінде спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып

келеді, спортпен белсенді айналысатын адамдар көбейді, салауатты өмір салтының мәдениеті қалыптасып жатыр.

Әрине, біздің мұнайшылар да әрдайым мұндай тенденциялардың алдыңғы шебінде. Спорттық шаралар «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы қызметкерлерінің өмірінен баяғыда орын алды. Біздің көптеген еншілес ұйымдарымызда жыл сайын Спартакиада өткізу игі дәстүрге айналды. Мұндай корпоративтік шараларды қолдау – ҚМГ басшылығының бұлжымас ұстанымы» деп атап өтті Спартакиаданың ашылу салтанатымен құттықтаған сөзінде «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК Басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев.

Үшінші жыл қатарынан ҚМГ деңгейінде

ақтық кезең өтіп отыр. Ымырасыз күресте ең мықтыларды анықтау үшін бұл спартакиадаға 30 еншілес кәсіпорында іріктеу кезеңдерінде жеңіске жеткен 350 спортшы жиналды.

Спартакиада спорттың шағын футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, армреслинг, тоғызқұмалақ және жүзу сияқты 8 түрі бойынша өтеді. Спорт алаңдарына ҚМГ компаниялар тобының «ҚазТрансОйл» АҚ, ПМХЗ ЖШС, АМӨЗ ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сияқты компанияларынан 350-ден астам адам қатысады.

Спорт түрлері бойынша спартакиада «Самұрық-Қазына» спартакиадасына толық сәйкес келеді және бұл спартакиаданың жеңімпаздары «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының ақтық сайыстарында

«ҚазМұнайГаз» намысын қорғайтын болады.

Спорт адамды мақсатқа ұмтылу, табандылық, командада жұмыс істей білу тәрізді ең жақсы қасиеттерге баулиды. Мұндай қасиеттер «ҚазМұнайГаз» қызметкерлерін спорттық қана емес, кәсіби аренада да жеңіске жетуге көмектеседі.

Спорттық бәсекелердің барлық түрі бойынша аралық нәтижелерді онлайн режимінде «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК сайтынан www.kmg.kz, сондай-ақ әлеуметтік желідегі ҚМГ парақшасынан көріп, танысуға болатынын қуана хабарлаймыз.

(«ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК компаниялар тобының дәстүрлі Спартакиадасының биылғы ақтық бәсекелері туралы газетіміздің келесі номерінде егжей-тегжейлі есеп жарияланатын болады).

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz

Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz

Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmger.kz

Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmger.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30